

## Кейбір бірлескен бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2024 жылғы 21 тамыздағы № 281 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 23 тамыздағы № 67 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылы 27 тамызда № 34984 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бірлескен бұйрық 12.12.2024 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша кейбір бірлескен бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Аграрлық азық-түлік нарықтары және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық 2024 жылғы 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Ұлттық экономика министрі

*Н. Байбазаров*

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы

*А. Султанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің

орынбасары – Ұлттық  
экономика министрі  
2024 жылғы 23 тамыздағы  
№ 67 мен  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы  
2024 жылғы 21 тамыздағы  
№ 281 бірлескен бұйрығына  
қосымша

## **Күші жойылған кейбір бірлескен бұйрықтардың тізбесі**

1. "Органикалық өнім өндіру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1139 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 818 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12738 болып тіркелген).

2. "Органикалық өнім өндіру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1139 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 818 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 3 қаңтардағы № 1 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 8 қаңтардағы № 1 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18182 болып тіркелген).

3. "Органикалық өнім өндіру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1139 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 818 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 223 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 103 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32765 болып тіркелген).